


МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «В» класындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
2-апта (04-08 қазан, 2021 жыл)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Аманшеева А.Ж

Тәрбиеші: Махмут М.М

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кенес, әңгімелесу.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. Баланы жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелеу.				
Танертенгі жаттығу.	Танертенгі жаттығу кешені.№4				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.).	<p>«Күзгі ағаш» Мақсаты: Балалардың түстер жайлы ұғымдарын қалыптастыру, ұсақ қол моторикасын дамыту. Көрнекілігі: Ағаштардың суреттері. Ойын барысы: Суретте бейнеленген ағаштың жапырақтарын саусақпен бояу.</p>	<p>«Қайсысы артық?» Мақсаты: Балалардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Көрнекіліктер: Суреттер. Ойын барысы: Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда бірнеше сурет бар. Балалар мұқият қарап, артық затты тауып айтады, себебін дәлелдейді.</p>	<p>«Қайсысы ұнайды?» Мақсаты: Суреттен көрген заттардың атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнайтынын айту. Сөздік қорын молайту. Көрнекілігі: Өртүрлі суреттер. Ойын барысы: Балаларға өртүрлі суреттерді көрсетіп, олардың қайсысының ұнайтыны туралы сұралады.</p>	<p>«Жанылтпаштар» Мақсаты: Балаларды жанылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айта білуге үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: жанылтпаштар. Ойын барысы: Балаларға жанылтпаштарды айту. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек.</p>	<p>«Алтын күз» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын молайту. Ойын барысы: Күз мезгіліне сәйкес қиылған суреттерді жабыстырып сөйлем құрастыру.</p>
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	<p>1.Сауат ашу. Тақырыбы: Н дыбысы. ҰОҚ мақсаты: Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасай алады. Дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін ажырата алады. Сөзді буынға бөліп, сөздегі буын санын және олардың орналасу реттерін біледі. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Өртүрлі сөздерді жинақта»</p>	<p>1.Математика негіздері. Тақырыбы: 5-6 сандары және цифры. ҰОҚ мақсаты: Математикалық терминдерді қолдана біледі. 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастырады, оларды таниды және атайды. Көрнекілік негізінде 2,3,4,5,6 санының пайда болуымен танысады. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Кім бірінші»</p>	<p>1.Сауат ашу. Тақырыбы: Н дыбысы. ҰОҚ мақсаты: Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасай алады. Дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін ажырата алады. Сөзді буынға бөліп, сөздегі буын санын және олардың орналасу реттерін біледі. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Берілген дыбыспен сөздерді ата»</p>	<p>1.Құрастыру. Тақырыбы: Жәндіктер. Мақсаты: Жәндіктерді сурет арқылы таниды, түсінік береді. Ағаштардың жапырақтарымен жәндіктерді құрастыра алады. Ұйымшылдықпен, қызығушылықпен жұмысты соңына дейін жасай біледі. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Жәндіктерді ата» Шарты: Суретке қарап өздерің білетін жәндіктерді атаңдар. Инеліктің, қоныздың,</p>	<p>1.Өзін өзі тану. Тақырыбы: Мен және менің отбасым. ҰОҚ мақсаты: «Отбасы» құндылығының маңыздылығын біледі. Отбасындағы а дамдармен қарым-қатынас жасай алады. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Жылудық шеңбері» Шарты: Балалар бір-біріне жылы сөздер</p>

<p>алады. Сөзді буынға бөліп, сөздегі буын санын және олардың орналасу реттерін біледі.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Эртүрлі сөздерді жинақта»</p> <p>Шарты: Сөздің бірінші және соңғы дыбысын ажыратады.</p> <p>Құрылымдалған ойын: 1-топ: «Таныс әріпті тап» Алдарындағы қорапшадан әріптер жазылған қатты парақшаны алады және «Н» дыбысын тауып қоршайды.</p> <p>2-топ: «Сөз құра» ойын тапсырмасы.</p> <p>Шарты: Суреттегі заттардың бірінші дыбыстарынан сөз құрап айтады.</p> <p>Еркін ойын: «Кімнің үйі?»</p> <p>Шарты: Кімнің қайда тұратынын ажыратады. (үйдің, іннің, ұяның, апанның суреті).</p> <p>Жұмыс дәптері.</p> <p>.Суреттегі заттарды ата.</p> <p>Н дыбысы кездесетін сөздердің суреттерін белгіле.</p> <p>Нан. Арыстан. Нар.</p> <p>.Суреттегі заттарды ата.</p> <p>Буынға бөл.</p> <p>Ал-ма, ал-мұрт, сүт, тас-ба-ка, нан, нар.</p>	<p>қалыптастырады, оларды таниды және атайды.</p> <p>Көрнекілік негізінде 2,3,4,5,6 санының пайда болуымен танысады.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Кім бірінші атайды?»</p> <p>Шарты: Заттарды санайды; пішінін, түсін атайды.</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Сандарды таны»</p> <p>Шарты: Балалар сандарды өсу ретімен орналастырады. Жетпей тұрған санды атайды.</p> <p>Еркін ойын: «Қуыршаққа қонаққа дайындалуға көмектес»</p> <p>Шарты: Балалар қуыршаққа ең әдемі, ең ұзын лентаны табуға көмектеседі. Жолақтарды үстіне қою әдісі арқылы салыстырады.</p> <p>Жұмыс дәптері.</p> <p>1.Сана. Неше моншақ болса, сонша дөңгелектің суретін сал.</p> <p>2.6 моншақты бастырып сыз. Оларды боя.</p> <p>3.Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса.</p> <p>4. 5 саны бар дақты көк, 6 саны бар дақты жасыл түске боя.</p> <p>6.Әр паравозда көрсетілген сан қанша</p>	<p>алады. Сөзді буынға бөліп, сөздегі буын санын және олардың орналасу реттерін біледі.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Берілген дыбыспен сөздерді ата»</p> <p>Шарты: Берілген дыбысқа сөз ойлап табады.</p> <p>Құрылымдалған ойын: 1-топ: «Таныс әріпті тап» Алдарындағы қорапшадан әріптер жазылған қатты парақшаны алады және «Н» дыбысын тауып қоршайды.</p> <p>2-топ: «Сөз құра» ойын тапсырмасы.</p> <p>Шарты: Суреттегі заттардың бірінші дыбыстарынан сөз құрап айтады.</p> <p>Еркін ойын: «Дыбыстарды бейнеле»</p> <p>Шарты: «Н» дыбысын қарандаштан жасап көрсет.</p> <p>Жұмыс дәптері.</p> <p>.Торкөз бойымен сурет сал. Күшікке құрамында «н» дыбысы кездесетін ат қой.</p> <p>.Үзік сызықтарды бастырып сыз.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Қарлығашқа ұқсайық, Қане қанат қағайық. Қарлығаш болып ұшайық, Ұшып, ұшып қонайық.</p>	<p>ету.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Жәндіктерді ата»</p> <p>Шарты: Суретке қарап өздерің білетін жәндіктерді атаңдар.</p> <p>Инеліктің, қоңыздың, құмырсқаның аяқтарын сана. Нешеу?</p> <p>Құрылымдалған ойын: «101 жұмбақ. Кім тапқыр?»</p> <p>Шарты: Жұмбақтардың жауабын табады.</p> <p>Жұмбақтар шешу.</p> <p>Күні бойы тынбайды, Дәмді тағам жинайды.</p> <p>(ара).</p> <p>Тоқыған ауы, Шыбынның жауы.</p> <p>(өрмекші).</p> <p>Алға қарай, артқа қарай жүреді, Еңбек сүйгіш, оны бәрі біледі.</p> <p>(құмырсқа).</p> <p>Өзі төрт қанатты, Және алты аяқты. Сонда да тік ұшақ, Модельі сияқты.</p> <p>(инелік).</p> <p>Бзындап ән салып, Лас жерге қонады.</p> <p>(шыбын).</p> <p>Ұшады, қонады, Гүлдердің қонағы.</p> <p>(көбелек).</p> <p>Еркін ойын: «Тез жауап бер»</p> <p>Шарты: Сұрақтарға тез, әрі нақты жауап бреді.</p> <p>-Пайдалы және зиянды жәндіктерді ата.</p>	<p>қатынас жасай алады.</p> <p>Педагог жетекшілігі мен ойын: «Жылулық шеңбері»</p> <p>Шарты: Балалар бір-біріне жылы сөздер айтады.</p> <p>-Балалар, дөңгелене тұрып, шаттық шеңберін құрайық. Бір-бірімізбен амандасып, жылы тілектер айтайық.</p> <p>-Сәлеметсіздер ме!</p> <p>-Қайырлы таң!</p> <p>-Қайырлы күн!</p> <p>-Сіздерді көргеніме қуаныштымын!</p> <p>-Енді бір-бірімізге мақтау сөздер айтайық:</p> <p>-Сен әдемісің.</p> <p>-Сен мейірімдісің.</p> <p>-Сен ақылдысың.</p> <p>-Сен адал доссың.</p> <p>-Ал балалар, сендер үйлерінде бір-бірлеріңе қандай жақсы сөздер айтасыңдар?</p> <p>-Қайырлы таң, әкешім, анашым!</p> <p>-Қайырлы күн, асыл әжем, аташым!</p> <p>-Сендерді үйде қалай еркелетеді?</p> <p>-Мені үйдегілер «құлыншағым», «қошақаным» т.б. деп еркелетеді.</p> <p>-Бір үйде қандай адамдар тұрады?</p>
--	---	--	---	---

<p>Сергіту сәгі. Біз мектепке барамыз, Қолға қалам аламыз. Кітапты да оқимыз, Жазуды да жазамыз.</p> <p>-Қандай дыбыспен таныстыңдар? -Н қандай дыбыс? «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p> <p>2.Жаратылыстану. Тақырыбы: Ағаштың бұтадан айырмашылығы қандай? Мақсаты: Ағаштардың бұтақтарын таниды, бұтақтарды қабығынан, бүршіктерінің ерекшеліктерінен, иісінен ажырата алады. Түрлі зерттеушілік әрекеттерді саралап қабылдауды қалыптастыра біледі.</p> <p>Педагог жетекшілігімен ойын: «Суретші нені бейнелеген?» Шарты: Сурет арқылы кішкентай тұқымнан гүлқалай өсіп өніп, көбейіп шығатынын түсіндіреді. Құрылымдалған ойын: «Өсімдік бөлімдерін ата» Шарты: Өсімдіктерді тануға және бөлімдерін</p>	<p>болса, сонша вагон болатындай толықтырып жапсыр. Сергіту сәгі. 1 дегенде тұрайық, 2.3.4 алақанды соғайық. Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып. Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық. 5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық.</p> <p>-Қандай сандармен таныстыңдар? Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: Менің атам. ҰОҚ мақсаты: Балалар сұрақтарға жауап бере отырып, диалогке түсе алады. Өзінің отбасы туралы әңгімелеп береді. Педагог жетекшілігі мен ойын: «БІнтымағы жарасқан отбасы» Шарты: Әңгімелеу. Құрылымдалған ойын: «Ойлан тап» Шарты: Сұрақтарға жауап береді, өз отбасы мүшелері туралы айтады. -Балалар, менің айтқандарымды мұқият тыңдап, кім туралы айтып тұрғанымызды табыңдар. Қатал көрінгенімен өте</p>	<p>-Қандай әріппен таныстыңдар? -Н қандай дыбыс? «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p> <p>2.Көркем әдебиет. Тақырыбы: Шаруа мен аю. ҰОҚ мақсаты: Интонацияларды ажыратады, айтады. Таныс әдеби шығармалар негізінде кейіпкерлердің бейнелерін жасайды. Педагог жетекшілігі мен ойын: «Қай ертегінің кейіпкері?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Шарты: Балаларға ертегі кейіпкерлерін көрсету. Балалар қай ертегі екенін атайды. «Ертегілер еліне саяхат» Шарты: Балалар өздеріне таныс ертегілерді айтады. Құрылымдалған ойын: «Менің сүйікті ертегім» Шарты: Балалар өздеріне ұнаған ертегіні атайды. Еркін ойын: Сурет салу. «Шаруа мен аю» ертегі желісі бойынша сурет салады. Жұмыс дәптері. -Суретте қай ертегі бейнеленген?</p>	<p>-Күзде жәндіктердің тіршілігінде қандай өзгерістер болады? Тыңда. Жәндіктердің алты аяғы болады. Олардың денесі үш бөліктен-бас, кеуде, қарыннан тұрады. Жер бетінде жәндіктер өте көп. Олар топырақта, су бетінде, ауада, өсімдіктер денесінде, ыстық және суық аймақтарда тіршілік етеді. Жәндіктердің адамға пайдалысы да, зияндылары да бар. Ара бал жинайды. Құмырсқа, қоңыздар топырақты қопсытады. Зиянды жәндіктерге колорадо қоңызы, орамжапырақ көбелегі, шыбын, маса және т.б. жатады.</p> <p>Балалардың жұмысы. «Жәндіктер» (балалар ағаштардың жапырақтарынан жәндіктерді құрастырады). Сергіту сәгі. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкене ағаштар, Су құйған соң өседі. «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p> <p>2.Денешынықтыру. Тақырыбы: Отбасымызбен бірге жаттығамыз. (ауада). Негізгі қимылдар.</p>	<p>-Бір үйде бір-біріне ең жақын адамдар тұрады. Олар: ата, әже, ана, әке және балалары. -Дұрыс айтасыңдар балалар осы адамдар отбасын құрайды. Сендер де отбасыларыңның бір мүшесісіңдер. Құрылымдалған ойын: «Менің отбасым» Ойын шарты: Балалар шеңберге тұрады. Дөпты бір-біріне лақтырып, өз отбасы туралы жақсы сөздер айтады. Еркін ойын. «Біздің шаңырақ» Шарты: Тақпақтарды бірге жаттайды. Сұрақтарға жауап береді. Сурет салады.</p> <p>Атамнан басталар, Әжемнен қосталар. Отбасы мыналар: Ең жақын адамдар- Әкем және анам бар, Бір туған апам бар. Бір туған ағам бар, Бір туған інім бар, Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін еремін. «Менің отбасым» сурет салу. Саусақ жаттығуы. Мына саусақ- атам, Мына саусақ- әжем.</p>
--	--	--	--	--

<p>атауға үйренеді. (сабақ, жапырақ, түбір, гүлі, жемісі).</p> <p>Еркін ойын: «Күзгі ағаш»</p> <p>Мақсаты: Балалардың түстер жайлы ұғымдарын қалыптастырады, ұсақ қол моторикасын дамытады.</p> <p>Көрнекілігі: Ағаштардың суреттері.</p> <p>Шарты: Суретте бейнеленген ағаштың жапырақтарын саусақпен бояу.</p> <p>Тыңда.</p> <p>Өсімдіктер-табиғаттың жанды денелері. Олар қоректенеді, тыныс алады, өседі, көбейеді, қурайды. Өсімдіктердің өсуіне топырақ, су, жылу, ауа, күн көзі керек.</p> <p>Өсімдіктер үш топқа бөлінеді-ағаштар, бұталар, шөптектес өсімдіктер.</p> <p>Ағаштар бұталар орманда, бақта, саябақта өседі.</p> <p>Ауыл мен қала көшелеріне қарағаш, тал, жөке, қайың, емен ағаштары сән беріп тұрады.</p> <p>Суретпен жұмыс.</p> <p>Ағаштар: Емен, қайың, алма ағашы.</p> <p>Бұталар: Шырғанақ, жыңғыл, бөртегүл.</p>	<p>мейірімді. Кітапты көп оқиды. Бау-бақшаны баптайы. Немерелерін жақсы көреді. Ол кім?</p> <p>-Ата.</p> <p>-Өздеріңнің аталарың туралы әңгімелендер.</p> <p>Еркін ойын: «Бірге жаттаймыз»</p> <p>Шарты: Санамақтықтарды жаттайды.</p> <p>Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым-атам, Балан үйрек-апам. Орган терек-әкем, Шылдыр шүмек-анам. Кішкентай бөбек-мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде-бесеуіміз.</p> <p>Атамнан басталар, Әжемнен қосталар Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар-Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар. Бір туған апам бар... Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін, еремін!</p> <p>-Отбасы мүшелерін атаңдар.</p> <p>-Нағашы ата дегеніміз кім?</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p>	<p>-Шаруа аюға не деп тұр деп ойлайсың?</p> <p>-Сурет бойынша ертегі мазмұнын оқиға жүйесін сақтап баянда.</p> <p>Сергіту сәті. Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық.</p> <p>-Қандай ертегімен таныстыңдар? -Ертегі сендерге ұнады ма? -Аю қандай аң?</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p> <p>3.Орыс тілі. Тақырыбы: Что нам осень принесла? ҰОҚ мақсаты: обучение умению называть признаки времени года осень.</p> <p>Педагог жетекшілігімен ойын: «Жыл мезгілдері» Шарты: Балалар жыл мезгілдері, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін айтады.</p> <p>Құрылымдалған ойын: Шарты: Тақпақтарды жаттайды. Сұрақтарға жауап береді. «Тез жауап бер» -Күз белгілерін ата. -Жыл мезгілдерін ата.</p>	<p>Гимнастикалық қабырғаның басына дейін әртүрлі әдіспен өрмелеп шығу жаттығуларымен таныстыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұшақтар»</p> <p>Мақсаты: Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту.</p> <p>Ойын барысы: Балалар алаңда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету.</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p> <p>3.Жапсыру. Тақырыбы: Күзгі жапырақтар. ҰОҚ мақсаты: қағазды қатпарлап бүктеу арқылы жапырақтың жиектерін иректен киюды біледі.</p> <p>Педагог жетекшілігімен ойын: «Бұл қай мезгіл?» (доппен ойын). Шарты: Қойылған сұрақтарға тез әрі нақты жауап береді. -Қазір қай мезгіл? -Күз екенін қайдан білдіңдер? -Күз айларында ағаштарда қандай өзгерістер болады?</p> <p>Құрылымдалған ойын: Шарты: Тақпақтарды жаттайды. Сұрақтарға жауап</p>	<p>Мына саусақ -әкем, Мына саусақ - анам. Мына саусақ - мен, Бәріміз бір - жанұя.</p> <p>-Өз отбасында кімдермен бірге тұрасың? -Әкең мен анаң саған риза болып қуану үшін не істеу керек? -Отбасы мүшелері бір-бірімен қалай тұрады? Балаларды мадақтау.</p> <p>«Менің отбасым» сурет салу.</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p> <p>2.Музыка. Тақырыбы: Күзгі серуен. Мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын көңіл-күйін ажырату, әсерлі реңтерін ажырату.</p> <p>Музыка тыңдау: «Қазан» П.Чайковский. Ән айту: «Күзгі әуен» А.Досмағанбет. «Балдырғандар әні» Г.Жотаева. Музыкалық ырғақты қимылдар: «Марш» Е.Андосов. Билер: «Шабандоздар биі» ұнтаспада «Жұмыр</p>
--	--	---	---	--

<p>Жұмыс дәптері. .Суретке қара. Өзін білетін ағаштармен бұталарды ата. Өз аулаңда (саяжайыңда) өсетін өсімдіктерді қорша. Терек. Бөртегүл. Қарағай. Итмұрын. Шырша. .Суретке қара. Ағаш пен бұтаның негізгі бөліктерін көрсет. Оларды салыстыр. .Тәжірибе жүргізуге қатынас. Ағаштың қасиеттері туралы не айта аласың? .Әрбір ағаштың бұтағында оның «балалары» бар: жапырақтар, гүлдер, жемістер. «Жеміс және бұтақ» жұбын құрастыр. Сзықпен қос.</p> <p>Сергіту сәті. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкене ағаштар, Су құйған соң өседі.</p> <p>Табиғатта жарамсыз зат жоқ. -Ағаштар мен бұталардың қандай айырмашылықтары мен ұқсастықтары бар? -Өсімдіктер өсу үшін не қажет? -Ағаштардың қандай пайдасы бар? «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p>	<p>3.Сурет салу. Тақырыбы: Жаңбырлы күн. Мақсаты: Балалар суретке қарап салады және елестете отырып жаңбырлы күннің суретін сала алады. Педагог жетекшілігімен ойын: «101 жұмбақ. Кім тапқыр?» Шарты: Жұмбақтардың жауабын табады.</p> <p>Тырс тырс тамады, Сайға қарай ағады. (жаңбыр). Төбеден төнеді, Тамшысын төгеді. Сол кезде шөп қаулап, Бәйшешек өнеді. (жаңбыр).</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Тез жауап бер!» Шарты: Сұрақтарға жауап береді. -Жаңбырлы күн сендерге ұнай ма? -Жаңбыр жауғанда адамдар қолына не ұстайды? -Жаңбыр қай мезгілде жауады? Еркін ойын: «Бірге жаттаймыз» Шарты: Тақпақты жаттайды. Жау жаңбыр. Жау-жау, жаңбыр, жау жаңбыр,</p>	<p>-Күзгі табиғат туралы айт.</p> <p>«Бірге жаттамыз» Келді міне күз, Айнала сары түс.керемет, тамаша, Қандай әсем күз. Еркін ойын: «Біз көңілді балалармыз» Шарты: Балалар өздерінің бүгінгі көңіл-күйлерін айтады. Жұмыс дәптері. 1.Рассмотри картинку. Назови время года. Расскажи о признах осени. 2.Найди и соедини одинаковые листочки. Раскрась их. Словарник. Осенние месяцы, сентябрь, октябрь, ноябрь. «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p> <p>4.Музыка. Тақырыбы: Күзгі серуен. ҰОҚ мақсаты: Шығармалардың э моцио – налдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, әсерлі реңктерін ажыратады. Өннің сипатын қабылдап, дауысын дұрыс келтіріп орындайды, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл береді, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратады.</p>	<p>береді. «Бірге айтамыз» Сап-сары ала жапырақ, Сап-сары ала атырап. Сәл тербелсе самал жел, Түсіп жатыр жапырақ. -Күзде жапырақтардың түсі қандай болады? -Жапырақтар қай мезгілде түседі? -Күзде жапырақтардың түсі қандай болады? Еркін ойын: «Ғажайып қорапша» Шарты: Көздерін жұмып қоржыннан жапырақтардың түсін, пішінін және қай ағаштың жапырағы екенін айтады.</p> <p>Балалардың жұмысы. «Күзгі жапырақ» (балалар түрлі-түсті қағаздан жапырақтарды қиып, жапсырады).</p> <p>Сергіту сәті. Жел уледі у-у-у, Құйын келіп биледі зу- зу. Қатты қатты жел соқты гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду. Жұмбақ. Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап. Саясында ән салып, Құстар жүрген сайрап. Салқын түссе шешініп, Қалады өзі жайрап. (ағаш) «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы</p>	<p>қылыш» Ән ойын: «Етек-етек» Т.Сарыбаева.</p> <p>-Қай мезгіл туралы ән айттық? -Күз мезгілі сендерге ұнай ма? Балаларды мадақтау.</p> <p>3.Қауіпсіз мінез құлық негіздері. Тақырыбы: Тамақтану. ҰОҚ мақсаты: Тамақтану. «Тамақтану» түсінігінің маңызын түсіне алады. Бала денсаулығын нығайтудағы дәрумендердің алатын орнын біледі.</p> <p>Педагог жетекшілігімен ойын: «Бәрін білгім келеді» Шарты: Зейін қойып тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Тамақтану тәртібі денсаулыққа қалай әсер етеді? Өңгімеле. 1.Таңғы ас. 2.Түскі ас. 3.Бесін ас. 4.Кешкі ас. Тыңда. Дұрыс тамақтану адам организмне өте пайдалы. Таңертеңгі</p>
--	--	---	---	---

	<p>3.Денешынықтыру. Тақырыбы: Әкем, анам және мен. Негізгі қимылдар: Екі аяқпен жасалатын жаттығулар. Жүгіру және қар кесегін нысанаға лақтырады, ойын-жаттығуларын жасай алуға тәрбиеленеді.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны. «Аяқтарыңды сулап алма» Ойын шарты: Балаларды алға қарай тақтайшадан тақтайшаға ептілікпен секіріп үйренуге жаттықтыру. Балалардың тез қарқында қимыл жасай алуына қол жеткізу. «Доптар мектебі» Мақсаты: Доппен ойнаудың түрлерін үйрету. Екі қолмен қағып алу. Қабырғаға ұру, жерге ұрып қағып алу сияқты т.б. түрлерін ойнай білу. Шарты: Балалар тәрбиешінің көрсеткен жаттығуларын орындайды. 1.Допты жоғары лақтырып екі қолымен қағып алу. 2.Допты жерге соғып екі қолмен ұстап алу. 3.Допты жерге соғып шапалақты соғып екі</p>	<p>Жауған жаңбыр-жауған нұр. Жердің шаңы басылсын, Гүлдің аузы ашылсын. Еккен егін көктесін, Бізге нанды көп берсін. Жау, жау жаңбыр, Гүлденсін бау! Балалардың жұмысы. «Жаңбырлы күн» (сурет салу). Сергіту сәті. Жаңбыр жауа бастады, Қатты жауа бастады. Бәсеңдеді, бұлттар тарқады, Жарқырап күн шықты. «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p> <p>4.Ұлттық ойындар. Тақырыбы: «Ақсерек-көксерек» Мақсаты: Балалармен ойын сөздерін жаттау. Ойынның шартымен таныстыра отырып балаларды шапшандыққа,достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Педагог жетекшілігімен ойын: «101 жұмбақ. Кім тапқыр?» Шарты: Жұмбақтардың шешуін табады.</p> <p>Суда өседі, өнеді, Сыртқа шыкса өледі.</p>	<p>Педагог жетекшілігімен ойын: Музыка тыңдау: «Қазан» П.Чайковский. Ән айту: «Күзгі әуен» А.Досмағанбет. «Балдырғандар әні» Г.Жотаева. Құрылымдалған ойын: «Етек-етек» Т.Сарыбаева. -Қай мезгіл туралы ән айттық? -Күз мезгілі сендерге ұнай ма? Еркін ойын: Музыкалық ырғақты қимылдар: «Марш» Е.Андосов. Билер: «Шабандоздар биі» үнтаспада «Жұмыр қылыш» «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p>	<p>бағалау.</p> <p>4.Ойламыз, ойнаймыз. Тақырыбы: Суретпен жұмыс Мақсаты: Суреттегі заттарды салыстыру,олардың айырмашылықтарын таба білу. Педагог жетекшілігімен ойын: «Бәрін білгім келеді» Шарты: Зейін қойып тыңдайды, білімдерін толықтырады. Тыңда. Қоршаған ортаны танып білу үшін оны бақыла. Үлкендердің әңгімесін тыңда. Табиғатта қандай өзгерістер болатынын бақылау арқылы байқайсың. Сондай-ақ өсімдіктердің қалай өсетіні, адамдар мен жануарлар тіршілігі туралы білесің. Адам әрқашан табиғатты бақылап, көп нәрсені содан үйренеді. Өсімдік тіршілігін бақылап, оны қалай қолдан көбейтіп өсіруге, егін егіп, мол өнім алуға болатынын білді. Жануарларды зерттеп білгеннен кейін, олардан жақсы жүн, мол сүт пен ет алудың жолдарын меңгерді. Біз табиғат аясында демаламыз, шынығамыз, денсаулығымызды нығайтамыз. Табиғатты бақылау, зерттеу арқылы адам оны пайдалануды, сақтауды, қорғауды үйренді. Сендерде</p>	<p>асқа сұлы, күріш, қарақұмық, арпа, тары сияқты дәнді дақылдардың бірінен дайындалған ботқа жеу керек. Ботқаға жеміс-жидек, жаңғақ қосу оны пайдалы әрі дәмді етеді. -Сендер қандай ботқаны жақсы көресіңдер? Ботқаның пайдасы туралы әңгімелендер. -Үйде ботқаны өзің қалаған әдіспен безендіріп көр. Құрылымдалған ойын: «Есте сақта!» Шарты: Тамақтану мәдениетін есте сақтайды. .Дастархан басында отырғанда қол таза болу керек! .Тамақты шайнағанда сөйлеуге болмайды! Аузыңды жауып, дыбысыңды шығармай шайна! .Тамақ қалдығы мен нан қоқымын қолмен емес, арнайы шүберекпен сүртеді. .Ортаға қойылған тамақты өз алдыңнан ғана алып же. Еркін ойын: Суретпен жұмыс. «Тамақтану мәдениеті»</p>
--	--	--	--	---	--

	<p>колмен ұстап алу. 4. Қабырғаға допты соғып екі колмен ұстап алу. 5. допты қабырғаға соғып ұстап алып, жерге соғып қағып алу. «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p> <p>4.Мүсіндеу. Тақырыбы: Күзгі жапырақ. Сюжеттік мүсіндеу. Мақсаты: Балалар күз туралы түсінік алады, күз айларының атауын меңгереді, мүсіндеудің жалпақтау, бедерлеу, шымшу дағдыларын қалыптастырады. Педагог жетекшілігімен ойын: «Жапырағына қарай ажырат» Шарты: Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды табады. Жапырақтарды салыстырады, қай ағаштың жапырағы екенін айтады. Құрылымдалған ойын: «Жапыраққа қарап ағашын таны» Шарты: Қай ағаштың жапырағы екенін анықтайды. Еркін ойын: «Асық бірақ түсіріп алма!» Шарты: Балалар қолындағы</p>	<p>(балық). Төрт бұрышты шыны ыдыс, Терезесі жоқ ыдыс. Іші толы су, Шетінен шебер жүзгіштер (аквариумдағы балықтар). Басы доғал, мұрты бар, Аузы апандай ұрты бар. (жайын). Түрі китке ұқсайды, Күміспенен апталған Теңгеменен қапталған. (сазан). Қомағайлық жасайды, Шабактарды асайды. (шортан). Құрылымдалған ойын: «Тез жауап бер!» Шарты: Берілген сұрақтарға тез әрі нақты жауап береді. -Аквариумда нелер өмір сүреді? -Балықтар қайда тіршілік етеді: (суда, теңізде, мұхитта, аквариумда) -Қандай балықтарды білесің? -Кімнің үйінде аквариум бар? -Аквариумдағы балықтарды қалай күтіп баптайды? Еркін ойын: «Кішкене балықтармен шортан» Шарты: Қимыл-қозғалыс белсенділігіне, белгі бойынша шапшаң қимыл жасауға үйренеді.</p>		<p>табиғаттың байлығы мен сұлулығын қорғандар. Сергіту сәті. Жазда суда жүземіз, Құмда күнге күйеміз. Жалаң аяқ жүреміз, Қыста қызып денеміз, Коньки, шаңғы тебеміз. Жалқаулықты тастаймыз, Жаттығуды бастаймыз. (балалар бір-екі жаттығу түрлерін орындайды). Құрылымдалған ойын: «Тез жауап бер!» Шарты: Берілген сұрақтарға тез әрі нақты жауап береді. -Сендер қоршаған ортаны қалай танып білесіңдер? -Табиғат адамға не береді? -Жазда қайда дем алдың? Табиғаттан не байқадың? -Күздің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болды? -Табиғатты не үшін қорғау керек? Еркін ойын: Балалардың жұмысы. «Табиғатым тамаша!» Шарты: сурет салу. «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p>	<p>Шарты: Сурет бойынша әңгімелейді. Суретке мұқият қара. Үстел басындағы тәртіп ережесін сақтамайтын отбасы мүшесі туралы әңгімеле. Шарты: сурет салу. «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p> <p>4.Логика әлемі. Тақырыбы: Уақыт реттілігін анықтау. Мақсаты: Уақыттық түсініктерді дамыту: оқиғалардың реттілігін анықтау іскерлігін қалыптастыру.</p> <p>Педагог жетекшілігімен ойын: «Сан және санау» Шарты: 1-ден 10-ға дейін тура және кері санайды. Құрылымдалған ойын: «Айналамдағы заттарды санаймын» Шарты: Заттарды санайды, санын анықтайды. Еркін ойын: «Ойнап үйренем» Шарты: Балаларға түрлі тапсырмалар беріледі. Балалар</p>
--	--	--	--	--	--

	<p>жапырақшаларды түсірмей жүгіре алуға жаттығады.</p> <p>-Қазір қай мезгіл? -Күз екенін қайдан білдіңдер? -Күз айларында ағаштарда қандай өзгерістер болады? Бірге айтамыз. Алтын-сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап.</p> <p>-Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?</p> <p>Балалардың жұмысы. «Күзгі жапырақ» (балалар ермексаздан жапырақты мүсіндейді).</p> <p>Сергіту сәті. Жел уледі у-у-у, Құйын келіп биледі зу-зу. Қатты қатты жел соқты гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду. Жұмбақ. Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап. Саясында ән салып, Құстар жүрген сайрап. Салқын түссе шешініп, Қалады өзі жайрап. (ағаш).</p> <p>-Күздегі адамдардың еңбегінен не білесіңдер?</p>	<p>Балалардың жұмысы. «Аквариумдағы балықтар» (сурет салу) Балықтардың түрлері өте көп. Шортан, сазан, ақ балық, шабақ, жайын. Аквариум су, қойма-су жануарлар мен өсімдік өсіруге және зерттеуге арналған шыны ыдыс.</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p>			<p>тапсырмаларды орындайды.</p> <p>1.Суретте бейнеленген заттарды сана. Қандай заттар нешеуден екенін айт.</p> <p>2.Әр тәрелкедегі жемістерді сана. Тиісті цифрды қой.</p> <p>3.Суреттегі заттарды санап, сәйкес цифрмен сызып қос.</p> <p>4.Заттардың суретін бестен болатындай толықтырып сал.</p> <p>5.Карточкаларды сәйкес цифрмен сызып қос.</p> <p>6.Заттарды сана. Сандарды боя.</p> <p>7.Әр бір стаканға бір қарындаштан сал. Енді әр стаканда неше қарындаш болды?</p> <p>Сергіту сәті. 1 дегенде тұрайық, 2,3,4 алақанды соғайық Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық. 5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық. «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p>
--	--	---	--	--	---

	-Неліктен күзді жақсы көресіңдер? «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.				
Серуен, бақылау.	№6 Ауа-райын бақылау.	№7 Желді бақылау.	№8 Күнді бақылау.	№9 Бұлтты бақылау.	№10 Жапырақтардың түсуін бақылау.
Балалардың даму картасы.	дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтқызу.	тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең, жылдам, баяу ұғымдарын атау, өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтай алу.	орыс тілінде 5-ке дейін тура және кері санай біледі;	бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдету.	тіршілік иелеріне аяушылық, жанашырлық таныту.
Балалардың үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың жетістіктері бойынша әңгімелесу. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				